Монополияға қарсы органның ұқсас, тауарларды, жұмыстарды, көрсетілген қызметтерді өндіруді жүзеге асыратын жеке кәсіпкерлік субъектілерінің жоқтығы туралы қорытынды

1 «желтоқсан» 2023 жыл Атырау қаласы

«Атырау облысы ауыл шаруашылығы басқармасы» ММ-нің 2023 жылдың 12 маусым №06-01-14-1-2/458 хатына сәйкес, монополияға қарсы органның ұқсас, тауарларды, жұмыстарды, көрсетілген қызметтерді өндіруді жүзеге асыратын жеке кәсіпкерлік субъектілерінің жоқтығы туралы өтінішхаты *(бұдан әрі – Өтініш)* келіп түсті.

Монополияға қарсы органның ұқсас тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді өндіруді жүзеге асыратын жеке кәсіпкерлік субъектілерінің жоқтығы туралы қорытынды беру Қазақстан Республикасының Бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттігі Төрағасының 2022 жылғы 8 шілдедегі №190/НҚ бұйрығымен бекітілген Монополияға қарсы органның ұқсас тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді өндіруді жүзеге асыратын жеке кәсіпкерлік субъектілерінің жоқтығы туралы қорытынды беру қағидаларына *(бұдан әрі - Қағида)* сәйкес жүзеге асырылады.

I. Тауарлардың (жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің) бір көзіден сатып алу жоспарланатын тауар нарығы және оның географиялық шекарасы:

- Малдар зираттарының жұмыс істеуін қамтамасыз ету бойынша қызмет көрсету;
- Иесіз иттерді және мысықтарды ұстау және жою қызметін көрсету;
- Ауылшаруашылық жануарларын сәйкестендіру бойынша шаралар өткізу бойынша қызмет көрсету;
- Жануарлардың эпизотикалық аурулары бойынша мал дәрігерлік шаралар өткізу бойынша қызмет көрсету.

Географиялық шекарасы - Атырау облысы, Жылыой ауданы.

II. Тиісті тауар нарығында жұмыс істейтін нарық субъектілерінің санын айқындау:

Атырау облысы географиялық шекарасында жоғарыда баяндалған тауар нарықтарында жұмыс істейтін нарық субъектілерінің санын айқындау мақсатында, Қағиданың 5-тармағына сәйкес, «Қазақстан Республикасының Стратегиялық жопарлау және реформалар агенттігі ұлттық статистика Бюросының Атырау облысы бойынша департаменті» РММ-не тиісті сұраныс хат жолданып, өз кезегінде тиісті тауар нарығында қазіргі таңда белсенді қызмет ететін 50 (елу) кәсіпкерлік субъектілерінің тізілімі ұсынылды.

Департамент Қағиданың 5-тармағын басшылыққа ала отырып, мемлекеттік органмен ұсынылған кәсіпкерлік субъектілеріне жоғарыда көрсетілген тауар нарығында қызмет атқартындығын/атқармайтындығы

тұрғысында сұрау хат нарық субъектілерінің заңды тіркелген мекен-жайларына тиісті түрде жеткізілді *(сұрау хат ҚазПочта қызметі арқылы жолданды)*.

Жоғарыда аталған Департаменттің сұраныс хатына нарық субъектілермен ұсынған жауап хаттарына сәйкес, аталған қызметтермен айналысатын субъектілер анықталмады.

Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 10 шілдедегі N 339 «Ветеринария туралы» Заңының *(бұдан әрі - Заң)* 10-бабына сәйкес, облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың, аудандардың, облыстық маңызы бар қалалардың жергілікті атқарушы органдарының құзыретіне:

- Денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті мемлекеттік органмен бірлесе отырып, халық денсаулығын жануарлар мен адамға ортақ аурулардан қорғауды ұйымдастыру және өзара ақпарат алмасуды жүзеге асыру;
- мал қорымдарын (биотермиялық шұңқырларды) салуды, реконструкциялауды ұйымдастыру және оларды күтіп-ұстауды қамтамасыз ету;
- жануарларды аулауды, уақытша ұстауды және жансыздандыруды ұйымдастыру;
- уәкілетті органмен келісім бойынша тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің аумағында ветеринариялық-санитариялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі ветеринариялық іс-шаралар жоспарын бекіту;
- тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің аумағында ветеринариялық-санитариялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі ветеринариялық іс-шаралар ұйымдастыруды және жүргізуді ұйлестіру;
- ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіруді жүргізуге арналған бұйымдарды (құралдарды) және атрибуттарды тасымалдау (жеткізу) жөнінде көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру;
- ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіруді жүргізуге арналған бұйымдарға (құралдарға) және атрибуттарға қажеттілікті айқындау және процессингтік орталыққа ақпарат беру;
- ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіру жөніндегі дерекқордың жүргізілуін ұйымдастыру;
- ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіру жөніндегі іс-шаралар жүргізуді ұйымдастыру.

Сондай-ақ, аталған Заңның 11-бабының 4-тармағына сәйкес, облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың жергілікті атқарушы органдары мынадай функцияларды:

- жануарлардың аса қауіпті, жұқпалы емес және энзоотиялық ауруларына қарсы ветеринариялық іс-шаралар жүргізуді;
- ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіруді жүргізуді;
- ауыл шаруашылығы жануарларын қолдан ұрықтандыру бойынша қызметтер көрсетуді;
- жануарлардың аса қауіпті және энзоотиялық ауруларына қарсы ветеринариялық препараттарды тасымалдау (жеткізу), сақтау, сондай-ақ ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіруді жүргізуге арналған бұйымдарды

(құралдарды) және атрибуттарды тасымалдау (жеткізу) бойынша қызметтер көрсетуді;

- құрылысын тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктердің жергілікті атқарушы органдары ұйымдастырған мал қорымдарын (биотермиялық шұңқырларды), мал сою алаңдарын (ауыл шаруашылығы жануарларын сою алаңдарын) күтіп-ұстауды;
- жануарларды аулауды, уақытша ұстауды және жансыздандыруды; -
- ветеринариялық анықтама беруді;
- ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіру жөніндегі дерекқорды жүргізуді және одан үзінді көшірме беруді;
- биологиялық материалдың сынамаларын алуды және оларды ветеринариялық зертханаға жеткізуді;
- ауру жануарларды санитариялық союға тасымалдау бойынша қызмет көрсетуді жүзеге асыру мақсатында Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен мемлекеттік ветеринариялық ұйымдар құрады.

Облыстардың жергілікті атқарушы органдары құратын мемлекеттік ветеринариялық ұйымдар аудандарда, облыстық маңызы бар қалаларда ветеринариялық пункттерімен құрылады делінген.

III. Қорытынды.

Жоғарыда баяндалғанның негізінде, «Атырау облысы ауыл шаруашылығы басқармасы» ММ-нің Атырау облысы, Атырау қаласы географиялық шекарасында монополияға қарсы органның ұқсас тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді өндіруді жүзеге асыратын жеке кәсіпкерлік субъектілерінің жоқтығы туралы қорытындысын сұрау жөніндегі өтініш хат қанатағаттандырылып, келесі қызметтер бойынша оң қорытынды ұсынылды:

- Малдар зираттарының жұмыс істеуін қамтамасыз ету бойынша қызмет көрсету;
- Иесіз иттерді және мысықтарды ұстау және жою қызметін көрсету;
- Ауылшаруашылық жануарларын сәйкестендіру бойынша шаралар өткізу бойынша қызмет көрсету;
- Жануарлардың эпизотикалық аурулары бойынша мал дәрігерлік шаралар өткізу бойынша қызмет көрсету.

Географиялық шекарасы - Атырау облысы, Жылыой ауданы.

Ұсынылған қорытынды 2024 жылдың 1 мамырға дейінгі мерзімге жарамды.

Қазақстан Республикасы Бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттігінің Атырау облысы бойынша департамент басшысы **А.Набиева**